

ӘОЖ 330.34(1-21)(574)

М.Ф. Тәжібекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: mtazhibek@mail.ru

Қазақстандағы моноқалаларды дамыту және оларда өндірістік күштерді шоғырландыру мәселелері

Андатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы моноқалаларды дамыту мәселелері талданған және осы мәселелерді өндірістік күштерді тиімді шоғырландыру арқылы шешу жолдары қарастырылған. Қазақстанда моноқалаларда өндірістің оннан бір бөлігі орналасқандықтан, оларды дамыту урбандалған зоналар мен өндірістік өсу нүктелерін қалыптастырудағы маңыздылығы көрсетілген. Басты назар мемлекеттік моноқалаларды дамыту бағдарламасының жүзеге асуына аударылған. Бағдарламаның артықшылықтары мен қажеттілігі, кемшіліктері мен оларды шешу жолдары ұсынылған. Моноқалалардың анықтамасы мен экономикалық дамуындағы ерекшеліктер көрсетіліп, оларға байланысты өндірістік күштерді шоғырландыру жолдары ұсынылған. Моноқалаларда өндірістік күштерді тиімді шоғырландыру үшін тек әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және экологиялық мәселелерді шешу жеткіліксіз, сондықтан аталмыш қалалардағы инновациялық және білім беру факторларына да баса назар аудару қажеттігі негізделген.

Түйін сөздер: моноқалалар, өндірістік күштер, агломерация, урбандалған зона.

Моноқалаларды дамыту – тек өңірлердегі әлеуметтік, экономикалық мәселелердің шешілуіне ғана емес, ең бастысы, өндірістік күштерді орналастыру мәселелерін де шешуге мүмкіндік береді. Моноқалаларды дамыту арқылы тұрақты дамудың үш негізгі мақсатына қол жеткізуге болады: экономиканың тиімділігі, әлеуметтік тепе-теңдік және қоршаған ортаның тұрақтылығы. Себебі Қазақстандағы өндірістік күштер мен еңбек күшінің оннан бірі осы қалаларда орналасқан.

Қазақстанда жоғары деңгейде ұйымдас-тырылған урбандалған зоналардың болмауы (заманауи қалалық инфрақұрылымдардың шоғырлануы, ақпарат каналдары, елді мекендердегі экологиялық қолайлы өмір т.б.) бо-лашақ ресурстардың, яғни біліктілігі жоғары, мобильді жұмыс күшінің, инновациялық технологиялардың, ақпарат көздерінің шоғыр-лануына кедергі келтіруде.

Осыған байланысты 2012 жылдың 25 ма-мырында Үкіметте «Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» қабылданды. Аталған бағдарлама бойынша,

моноқала дегеніміз – бұл бір немесе бірнеше (көп емес) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі (20 пайыздан астамы) шоғырландырылған қала.

Моноқалалар санатына тұрғындарының саны 10 мыңнан 200 мыңға дейін адамы бар:

1) қаланың негізінен өңдеу секторының қала құраушы кәсіпорындарының өнеркәсіп өндірісінің көлемі жалпы қалалық өндіріс көлемінің 20 пайыздан астамын құрайтын (мономамандандыру);

2) қаланың қала құраушы кәсіпорындарында жұмыспен қамтылған халықтың 20 пайыздан астамы жұмыс істейтін;

3) қала құраушы кәсіпорындары жартылай істейтін немесе мүлдем істемейтін өлшемдердің бірімен сипатталатын қалалар кіреді [1].

Бағдарламаның бір артықшылығы – жүзеге асуы тиіс мерзім аралығында дамытылуы тиіс қалалар санының оңтайлы мөлшері таңдалып алынған. Себебі мұндай қысқа уақыт

аралығында республикадағы барлық 87 қаланың дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес болар еді. Моноқалаларды дамыту аймақтардың өзіндік ұйымдастырылуына, ресурстарын тиімді іске асыруына, экономикалық өсу зоналарының қалыптасуына, ұзақ мерзімді дамуда барлық инфрақұрылымдардың жақсаруына жағдай жасайды.

Қазақстандағы өндірістік күштерді шоғырландырудағы ең басты мәселе – елдің аймақтары түрлі деңгейде дамыған, экономикалық, әлеуметтік даму деңгейлеріндені алшақтық күн санап өсуде. Кеңестік дәуірдегі және өтпелі кезеңдегі Қазақстанның аймақтық саясатында теңестіруші қағида басым болды. Алайда әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономикалық дамуды ынталандыру арқылы аймақтарды теңестіру нәтиже бермейді. Мемлекет емес, бизнес бәсекелік қабілеті бар аймақтарды таңдайды. Өз таңдауында ол масштаб әсеріне (агломерациялар), алшақ емес экономикалық қашықтық (тиімді орналасу), даму кедергілерін азайтатын жақсы институттар, жоғары дамыған адам капиталына сүйенеді [2]. Сондықтан моноқалаларды дамыту бағдарламасының басты мақсаты – аймақтардағы экономикалық тіршілікті белсендіру, яғни тек ірі өндіруші ғана емес, өңдеуші шағын және орта бизнестің де аймақтарға баруына жағдай жасау болуы тиіс.

Қазақстанда түрлі бағдарламалар жасауда әлі де ескі жүйенің қалдықтары кездесіп отыратынын мойындауымыз керек. Себебі еліміздегі шағын қалаларды дамыту әлі де ескі өндіріс түрлерін дамытуға негізделген. Мұны жоғарыда аталған бағдарламадан да көруге болады. Мысалы, бағдарламада өңдеуші сала бойынша 27 моноқаланың тек алтауы дамытылады, олар: химия өнеркәсібі бойынша – Серебрянск, металлургия бойынша – Ақсу, Жезқазған, Сәтпаев, Теміртау, машина жасау бойынша – Степногорск. Және бір моноқала – Курчатов ғылыми-эксперименталдық орталық ретінде танылған. Ал бағдарламаға енген басқа 21 моноқаланың барлығы да өндіруші өнеркәсіп орындары жұмыс істейтін қалалар болып табылады [1].

Атақты америкалық әлеуметтанушы Э. Тоффлер өзінің «Үшінші толқын» еңбегінде «Ақпарат пен білім басты стратегиялық ресурстарға айналуға болады. Бұл, ең біріншіден, өндірістік күштерді аумақтық орналастырудағы

күрделі өзгерістерге алып келеді. Егер индустриалдыққа дейінгі дәуірде қалалар сауда жолдарының түйісу нүктелерінде пайда болса, индустриалдық дәуірде – шикізат пен энергия көздері маңында, ал постиндустриалдық дәуірде – ғылыми орталықтар мен ірі зерттеушілік орталықтарының маңында орналасады» [3, 257-б.] деген болатын. Бұған бір дәлел – АҚШ-тағы Кремний алқабы.

Сондықтан ел аймақтарындағы күрделенген әлеуметтік, экономикалық мәселелердің шешімін табу үшін тек ескі өндіріс түрлерін дамытуға басымдық беру аз, аймақтық қалаларда, әсіресе шағын қалаларда шын мәнінде инновациялық болып табылатын өнім түрлерін шығаруды және осы талапқа сай адам капиталын аймақтарда қалыптастыруды қазірден қолға алу қажет.

Моноқалаларды дамыту бағдарламасында бұл мәселе аз қозғалған. Бұл қалалардағы өндіріс орындарында жұмыс істейтін мамандарды даярлаудағы басымдық облыс орталықтарындағы жоғарғы оқу орындарына берілген. Ал моноқалаларда жаңа оқу орнын ашу тек Текелі қаласында (Ағхан университеті) шетелдік демеушілердің көмегімен жүзеге асатын сыңайлы және қай салада маманданатыны әлі белгісіз.

Қазақстандағы моноқалалардың негізгі қордаланған мәселелерін мынадай үш топқа біріктіруге болады:

1. Экономикалық мәселелер:

– Негізгі қала құраушы кәсіпорындардың жұмысының тоқтауы немесе оған қауіп төнуі (өндіруші кәсіпорындардың кен орындарының тозуы, бәсекеге қабілетсіз өнім);

– қала экономикасының төмен деңгейде әртараптануы;

– қала тұрғындарының қала құраушы кәсіпорындардан жоғары деңгейдегі тәуелділігі;

– қала бюджетінің қала құраушы негізгі кәсіпорындан түсетін салықтардан тәуелді болуы.

2. Әлеуметтік мәселелер:

– жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің жоғары болуы (1-сурет);

– көптеген моноқалалардағы халықтың табыс деңгейінің төмен болуы;

– халық санының азаюы;

– әлеуметтік тұрақсыздықтардың өсуі.

3. Өмірлік маңызы бар инфрақұрылымдар мәселесі:


– инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың тозуы;

– моноқалалардың аумағындағы экологиялық мәселелердің ушығуы.

Бір айта кетерлігі, моноқалалардың көпшілігінде жылу және су жүйелері, электр, байланыс желілерінің тозығы жеткен.

Бұл мәселелердің барлығы әр аймақтағы моноқалаларды өз ерекшеліктері бойынша дамыту арқылы шешілуі тиіс. Көріп отырғанымыздай, моноқалалардан халықтың ірі қалаларға қарай көшуі тұрақты жұмыс орнының жоқтығынан, осыған байланысты әлеуметтік жағдайдың өршуінен болып отыр. Тіпті, тұрақты жұмыс жасап тұрған кәсіпорындары бар қалалардың өзінде де халықтың басқа жаққа қоныс аудару тенденциясы байқалады. Бұл, өз кезегінде, осы қалалардағы экологиялық

жағдайдың төмендігі мен жұмыс орындарының тозығы жетіп, бүгінгі күн талаптарына сай келмеуімен, сондай-ақ шет аймақтардағы жалғаның төмендігі мен уақытында төленбеуі мәселелерімен түсіндіріледі. Моноқалалардың жағдайын жақсарту үшін тек сол қаланың өзі емес, сонымен қатар моноқалалар үшін негізгі мәдени және әлеуметтік орталық болып табылатын облыс орталықтары мен негізгі азық-түлік пен жұмыс күшінің көзі болып табылатын елді-мекендерді де дамыту қажет. Әсіресе, соңғыларының даму болашағы ешқандай бағдарламамен толыққанды қарастырылмауда. Моноқалалардың маңындағы елді-мекендер де осы қалалармен бірге дамудың кешенді бағдарламасына қосылса, еліміздің кеңістіктік дамуындағы, өндірістік күштерді тиімді шоғырландырудағы көптеген түйіткілді мәселелер өз шешімін табар еді.



1-сурет – Моноқалалардағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылар мен жұмыссыздар деңгейі*

*Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі

Әдебиеттер

- 1 Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. – ҚР Индустрия және жана технологиялар министрлігі. – Астана, 2012.
- 2 Бопиева Ж.К. Планирование пространственного развития в Республике Казахстан. – www.aef.kz/upload/iblock/78f/_eu.xc.%20u2x.doc.
- 3 Тоффлер Э. Третья Волна. – М.: ООО «Фирма «Издательство АСТ», 2010. – 257 с.

References

- 1 Monokalalardy damytudyn 2012-2020 zhyldarga arналған bagdarlamasy. – KR Industria zhane zhana tehnologialar ministrліgi. – Astana, 2012.
- 2 Bopyeva Zh.K. Planirovanie prostranstvennogo razvitiya v Respublike Kazakhstan. – www.aef.kz/upload/iblock/78f/_eu.xc.%20u2x.doc.
- 3 A. Toffler. Tretya Volna. – M.: ООО “Firma “Izdatelstvo AST”, 2010. – 257 p.

М.Г. Тажибекова

Проблемы развития и размещения производительных сил в моногородах Казахстана

В статье рассмотрены проблемы развития моногородов Казахстана и их решения путем эффективного размещения производительных сил. Так как десятая часть всего производства в Казахстане расположена именно в этих городах, развитие моногородов влияет на формирование урбанизированных зон и точек роста. Главное внимание уделено на реализацию государственной программы развития моногородов. Показаны плюсы и минусы данной программы и пути решения. В статье даются определение моногородов и особенности экономического развития, выдвинуты пути размещения производительных сил в соответствии с этими особенностями. Для эффективного размещения производительных сил в моногородах важно не только решение экономических, социальных, демографических и экологических проблем, но и нужно обратить внимание на инновационные и образовательные факторы развития.

Ключевые слова: моногорода, производительные силы, агломерация, урбанизированная зона.

M.G. Tazhybekova

Problems of development and allocation of productive forces in mono-towns in Kazakhstan

The article is about the development problems of mono-towns of Kazakhstan and their solutions through the efficient allocation of productive forces. Since tenth of the total production in Kazakhstan is located in these towns, the development of mono-towns affects the formation of urban areas and growth points. It focuses on the implementation of the state program of mono-towns, shows the pros and cons of this program and solutions. The article contains the definition of mono-towns and especially economic development, put forward the way the distribution of productive forces, in accordance with these features. Efficient allocation of productive forces in mono-towns is not only addressing the economic, social, demographic and environmental problems, but also we have to look out for innovative and educational factors of development.

Key words: mono-towns, productivity forces, agglomeration, urban areas.